



Нуртаева, А. (2025). Антонимия және сөзжасам. *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 8(2), 261-268.

АНТОНИМИЯ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМ

Айсұлу НУРТАЕВА*

Аңдатпа: Мақалада тіл білімі саласындағы антонимия және сөзжасам мәселелері мен зерттелуі қарастырылады. Сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін, оның бірліктерін, заңдылықтарын, амал тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілер мен мағыналарды, сондай ақ сөзжасамға қатысты мәселелерді зерттейді. «Сөзжасам» термині екі негізгі мағынада қолданылады. Біріншіден, ол тілде жаңа сөздердің қалыптасу процесін білдіреді. Сөзжасамдық процестердің мәні жаңа атаулар мен екінші реттік бірліктердің жасалуы болып табылады. Екіншіден, «сөзжасам» термині лексикалық бірліктердің құрылу процесін зерттейтін ғылым саласын білдіреді. Антонимия - тілдің маңызды лингвистикалық әмбебаптарының бірі, тілдің лексикалық-семантикалық жүйесінің маңызды критерийлерінің бірі. Антонимия біртекті заттардың, құбылыстардың, әрекеттердің, қасиеттердің айтарлықтай айырмашылықтарын көрсететін қарама-қайшылықтардың жалпылығына негізделген. Антонимия әдеби сөз қолдану нормаларында берілген. Әдеби тілде сөйлейтіндерге ең маңызды және өз тіліне тән сөздердің максималды қарама-қайшылығы ретінде анықталады. Антонимдік сөзжасамдық мағына деп бір ұғымдар тізбегінде тұрып, қарам-қарсы мағына беретін сөзжасам типтерін айтуға болады. Қазақ тіліндегі антонимия мен сөзжасамның өзара әрекеттесуінің тағы бір түрі сөзжасам жүйесінің бірлігі деңгейінде, сөзжасам ұясы ретінде жүзеге асырылады. Қазақ тілінде сөзжасамның антонимдері көбінесе сөзжасамдық тұтас тізбектердер де көрініс табады. Бұл антонимдік жұптың мүшелері ретінде әрекет ететін антонимдік сөздерді біріктіретін сөзжасам ұясы. Тұтас сөзжасамдық ұя - бұл контекстің жалпылығымен сипатталатын туынды қатынастармен реттелген сөздер жиынтығы. Сөзжасамдық антонимиялық сөздер бастапқыда антонимдік қатынастарды білдірмейтін және антонимдік мағыналарға ие болатын құбылыс болады, өйткені оларда тек антонимдік мағыналары ғана бар. Антонимдік мағыналарды олардың семантикалық құрылымында ғана көрінеді. Бұл, мысалы, антонимдік зат есімдер кедей-бай, кедейлік-байлық лексикалық антонимдердің маңызды сөзжасамдық байланыстарын айқын көрсетеді.

Кілт сөздер: Антонимия, сөзжасам, бірліктер, айырмашылық, жұп, қарама-қарсы, мағына

ANTONYMY AND WORD FORMATION

Annotation: This article explores the issue and research related to antonymy and word formation within the field of linguistics. Word formation investigates the system of word creation in language, including word-forming units, the laws governing word formation, methods and ways of creating words, derivative words, their types, word-formation models, the meaning of word formation, and other related issues. The term word formation has two primary meanings. In its first sense, it refers to the ongoing process of creating new words in a language. The essence of word-formation processes lies in the generation of new names and secondary units. In its second sense, “word formation” refers to the branch of linguistics that studies the process of creating lexical units. Antonymy is an important linguistic universal and a key criterion in the lexical-semantic system of

* PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, aikosh_72@mail.ru

ORCID: 0000-0001-5000-7874

a language. Antonyms are based on opposites that indicate essential differences between similar subjects, phenomena, actions, and properties. They are part of the norms of literary language usage and represent the greatest contrast between words that are most significant and characteristic for speakers of the language. Antonymic word formation can be defined as the creation of word-formation types that belong to the same conceptual domain but express opposite meanings. Another way antonymy and word formation interact in the Kazakh language is at the level of the word-formation unit, known as a word-formation cell. In Kazakh, word-formation antonyms often appear in entire word-formation chains, where antonymous words function together as part of an antonymic pair. A complete word-formation nest consists of words organized through word-formation, marked by a shared context. Word-forming antonymous words represent a phenomenon where initial meanings may not show antonymous relationships, but these meanings shift to express antonymy as the words acquire opposing meanings. The antonymous nature becomes apparent only within the semantic structure of these words. This is clearly illustrated by examples of antonymous noun pairs like “poor” and “rich”, where the lexical antonyms convey contrasting meaning within their word-formation relationships.

Keywords: *Antonymy, word formation, units, difference, pair, opposition, meaning*

Антонимия - тілдің маңызды лингвистикалық әмбебаптарының бірі, тілдің лексикалық-семантикалық жүйесінің маңызды критерийлерінің бірі. Антонимия біртекті заттардың, құбылыстардың, әрекеттердің, қасиеттердің айтарлықтай айырмашылықтарын көрсететін қарама-қайшылықтардың жалпылығына негізделген. Антонимия әдеби сөз қолдану нормаларында берілген. Әдеби тілде сөйлейтіндерге ең маңызды және өз тіліне тән сөздердің максималды қарама-қайшылығы ретінде анықталады

Қазақ тілінің антонимиясының өзегі, оның мағыналарының сапа белгісі қарама-қарсылық мағынада (жақсы, жаман) немесе (кіріңіз, сіз барасыз) сияқты қабылданатын сөздерді құрайды.

Сөзжасам - сөздің жаңа лексикалық бірліктерін жасайтын тіл механизмі.

Осы жүйелік құбылыстардың байланысы, ауысуы, антонимиясы және сөзжасамы тілдің қай нүктесінде жүреді? Олардың өзара байланысы нақты қай жерде көрінеді? Қазақ тілінің антонимдік жүйесі екі қабаттан тұрады: лексикалық және сөзжасам. Сонымен қатар, тілші-мамандардың пікірінше, антонимдердің таза лексикалық қабаты салыстырмалы түрде аз. Оның көп бөлігі сөзжасамдық антонимдерден тұрады. Қазақ антонимиясы негізінен сөзжасам Ол сөзбе-сөз сөйлеудің негізгі бөліктерін қамтиды: етістіктер, сын есімдер, зат есімдер.

Сөзжасамдық антонимдер - сөзжасамдық құралдардың көмегімен сөзжасамнан туындайтын антонимдер. Осылайша, қазақ тілінде сөзжасам антонимияның негізгі сөз қабатында өте маңызды рөл атқарады.

Қазақ тілінде сөзжасамдық антонимия қалай ұсынылған? Антонимия мен сөзжасамның байланысы қандай нақты формаларда және қандай құралдармен көрінеді?

Қазақ тілінде сөзжасамдық антонимияны білдірудің екі формасы, антонимия мен сөзжасамның өзара байланысының екі формасы бар. Олардың айырмашылығы сөзжасам бірліктерінің қайсысы (сөз немесе тұтас сөзжасам ұясы) антонимдік жұптың мүшесі ретінде әрекет ететініне негізделген. Қарым-қатынастың бірінші түрі лексикалық деңгейде жүзеге асырылады. Антонимиялық жұп екі негіз түбірден тұрады, бірақ мағыналық жағынан қарама-қарсы екі түбір сөзді құрайды.

Бір түбірлі сөздерде антонимдік мағына әдетте, біріншіден, антонимдік бір сөзбен қосымшасыз, таза қарма-қарсы мәнде қосарлану нәтижесінде пайда болады (алыс-жақын, кең-тар, жақсы-жаман, жоғары-төмен т.б.). Бұл жағдайда антонимдер - сөзжасамның бір сатысына тең туынды түбір сөздер.

Екіншіден, бір түбір сөздердегі антонимдік мағынасы сөзге қарама-қарсы мағына беретін сөз тудыратын жұрнақты қолдану нәтижесінде пайда болады (сауатты-сауатсыз,

бақытты-бақытсыз, тәрбиелі-тәрбиесіз т.б.). Бұл жағдайда антонимдер сөзжасамдық жұпты құрайды: біреуі өндіруші, екіншісі оның туындысы.

Қазақ тілінде қарама-қарсы мәндерде қолданылатын сөздердің басым көпшілігі етістіктердің тіркесуі немесе сын есімдердің қосарлануы арқылы жасалуы белсенді.

Қазақ тілінде зат есімдердің және үстеулердің де үлесі сөзжасамдық және рефлексиялық антонимияда аз емес.

Қазақ тіліндегі антонимия мен сөзжасамның өзара әрекеттесуінің тағы бір түрі сөзжасам жүйесінің бірлігі деңгейінде, сөзжасам ұясы ретінде жүзеге асырылады. Қазақ тілінде сөзжасамның антонимдері көбінесе сөзжасамдық тұтас тізбектердер де көрініс табады. Бұл антонимдік жұптың мүшелері ретінде әрекет ететін антонимдік сөздерді біріктіретін сөзжасам ұясы. Тұтас сөзжасамдық ұя - бұл контекстің жалпылығымен сипатталатын туынды қатынастармен реттелген сөздер жиынтығы.

Сөзжасамдық антонимиялық сөздер бастапқыда антонимдік қатынастарды білдірмейтін және антонимдік мағыналарға ие болатын құбылыс болады, өйткені оларда тек антонимдік мағыналары ғана бар. Антонимдік мағыналарды олардың семантикалық құрылымында ғана көрінеді. Бұл, мысалы, антонимдік зат есімдер кедей-бай, кедейлік-байлық лексикалық антонимдердің маңызды сөзжасамдық байланыстарын айқын көрсетеді.

Осылайша, антонимияның тілдік жүйесінде бастапқы лексикалық бірліктердің көрінуіне байланысты ол деректермен белгілі бір сөзжасамдық антонимиялық байланыста болатынын көрсетеді.

Сонымен, бастапқы антонимдері бар сөзжасамдық мағынада дәстүрлі зат есімдер келесі компоненттерді қамтитын тип болып табылады: бастапқы зат есімдер, олардан туындылар, сапалық сын есімдер, үстеулер, сондай-ақ сапалық өзгерістерді білдіретін етістіктер.

Осылайша, қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя - бұл семантикалық және сөзжасамдық тіл деңгейлерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін орнатуға мүмкіндік беретін белгілі бір микрожүйе.

Біріне-бірі себепші болып табылатын сөздер белгілі бір дыбыстық ұқсастықтар арқылы ажырап, бірдей мағынада болғанымен дыбысталуы әртүрлі сөздерге айналуы мүмкін. Сонымен қатар, мағынасы да, дыбысталуы да өзгеше ұғымдар мен атаулар да қалыптасуы ықтимал. Зерттеу барысында осы екі аспект негізінде қарастырылғанымен, антонимия мен сөзжасам мәселелері өзара тығыз байланыста екені тіл білімі саласында зерттеу жүргізіліп жатқан мәселе (Шойбекова, 2006, б. 55).

Ендеше тіл ғылымында тек мағына жағынан ғана емес, форма тұрғысынан айырмашылығы бар антонимдермен қоса, бір концепт, бірақ екі ұғым негізінде жасалған сөзжасамдық антонимдер де бар. Сөзжасамдық антонимиялар лексикалық антонимиялар құрамына ене отырып, олардың құрамын толықтырады. Сөзжасам процесі арқылы қалыптасқан антонимдер дайын құрамдас бөліктер ретінде қолданылады. Олардың пайда болуында белгілі бір туыстық немесе мағыналық жақындық байқалады және сол мағыналық және тұлғалық тұтастық сақтала отырып, қарама-қарсы оппозицияда тұрған сөздер қарастырылады (Шойбекова, 2006, б. 35).

Антонимдік сөзжасамдық мағына деп бір ұғымдар тізбегінде тұрып, қарама-қарсы түсніктерді білдіретін сөзжасамдық типтердің мағынасын айтамыз. Лексикалық антонимдер арасында сөзжасамдық байланыс жоқ, ал сөзжасамдық антонимдер арасында сөзжасамдық уәждемелік байланыс болады. Мұндай процестерде мағына айырмашылығы кездеседі, бірақ олар туыстас, тығыз байланысты ұғымдардың бірлігінен тұрады. Сонымен қатар, оларға формалық өзгерістер тән, яғни сөздің сыртқы

құрылымында, фонетикалық ерекшеліктерінде өзгерістер болады (Шойбекова, 2006, б. 56).

Фонетикалық-семантикалық тәсіл арқылы жасалғандықтан, уәждемелі қатынас туралы айтқанда, біз «фонетика-семантикалық уәждемелік қатынас» деген терминді қолдануды жөн көреміз.

Сөзжасамдық антонимдер сөзжасам мен лексиканың нысаны ретінде қарастырылады. Себебі олардың қалыптасу процесі мен сипаты сөзжасам саласында және дайын компонент ретінде лексика саласында талданады. Сөзжасамдық антонимдер сөздердің уәждемуімен тығыз байланыста болады. Сөздердің уәждемуінде кездесетін негізгі макросемантикалық мағыналардың бірі ретінде энантиосемиялық мағынаны атап өтуге болады.

Семантикалық ерекшеліктері ретінде қарама-қарсы мәндес сөздердің ішкі мағыналық дамуы симметриялы жатқан екі қарама-қайшы ұғымдардың ортақтығынан туындайды.

Антонимдердің синтагматикалық ерекшеліктері туралы жазылған еңбектерде заттың ерекше белгісі арқылы бөлінген бірнеше мағына арасын біреуінің қарсы белгісі ұқсауы антонимдердің мағыналық бірлігін қарастырады (Шойбекова, 2006, б. 56).

Мұндай қарама қарсылықтың негізі адамзаттың танымының бірізділігінде және таңбаның, ұғымның белгілі бір зат немесе құбылысқа қатысты екендігінде жатыр. Сөзжасамның фонетика семантикалық тәсілі арқылы қалыптасқан антонимдік мағыналардың табиғаты қызықты әрі күрделі болып келеді.

Бір буынды сөздердің дамуында фонетика семантикалық ерекшеліктер айқын байқалады. Бұл сөздердің мағыналары дамып, жеке номинативті атау ретінде танылғаннан кейін, олар басқа екі, үш немесе төрт буынды сөздердің уәждемесіне себеп болады.

Осылайша, бір буынды сөздер мен көп буынды сөздер арасындағы уәждемелік жолдар мағыналық семантикалық және фонетикалық мағыналық бағыттар арқылы қарастырылады.

Сөз мағыналарының дамуында бір біріне қарам қарсы бағытта қолданылатын және симметриялы орналасқан сөздер тіл білімі саласында жиі кездеседі. Бұл сөздердің мағыналарының антонимдік негізде дамуының дәлелі болып табылады. Тілімізде тек тарихтың терең қабаттарында туыстас, мағыналас немесе шектес сөздер жиі кездеседі. Мұндай сөздер тарих барысында түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, жаңа тілдік бірліктерге айналған. Осылайша, адамзаттың қажеттігіне сәйкес жаңа атаулар қалыптасқан.

Бұл сөз мағыналарының антонимдік негізде дами алатындығының көрінісі. Тілімізде тек тарихтың қатпарларында туыстас, мағыналас, шектес болған сөздер жиі кездеседі. Ондай сөздер тарихтың терең қатпарларында түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, тілдік бірліктер жасалған. Сөйтіп адам қажетіне жарар атаулар пайда болған.

Шойбекова Ғ.Б. кандидаттық диссертациясында «Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі (семантикалық тәсіл)» «бас» сөзінің екіншілік сөзжасамдық тізбекте пайда болатын қарама-қарсылық мәніне талдау жасайды: «Бас» сөзінің алғашқы адам миына беретін сипаты адам және өзге жан-жануарлардың жоғарғы мүшесі деген мағына. Ал төмен қарай бағыттың жылжу мағынасы туынды сөз жасауға қатысқан туынды мағына. Демек, алғашқы мағынасында жоғарылық мағына болса, екіншілік мәнінде төмендік мағына қалыптасқан. Осы себептен де біз басу сөзін тасу сөзімен шектес ұғым деп қарастыруымызға толық негіз бар. Тасу сөзін тереңірек байыптап қарар болсақ, оның түп тамыры өте тереңде жатыр (Шойбекова, 2006, б. 59).

Бәлкім бұл сөздің арғы атасы *та* - түбірінен тараған болар. Себебі *т*-ға басталатын сөздің барлығы не төменгі шекті не жоғарғы шекті байқатады. Салыстырып қарап

көрсек, жоғарғы шекті көрсететін тілімізде мынадай сөздер бар екен: *төбе, тау, там, таң, тақ, тәж, тал, төр, тол, тырнақ, түйе*; мифтік атауларға байланысты тео – құдай мағынасында, *тәңір, тағала* - Құдай тағала, Алла тағала сөздерінде кездеседі (Шойбекова, 2006, б. 59). Төменгі шекті көрсететін *та-* этимон түбірінен тарайтын төмен, тамыр, тас, тар (кіші мағынасында), ағылшын тіліндегі *терра* – жер мағынасындағы сөз, төк – қимыл атауы: бағыттың төмен қарай жылжуы, төс – адамның жалпақ дене мүшесіне орай төсе, төсек, төскей, төсеніш сөздері қалыптасқан. Бұл сөздер зерттеуші А.Б. Салқынбайдың еңбегінде диахронды тұрғыдан талданғандықтан, тереңірек тілдік талдау жасамаймыз (Салқынбай, 1999, б. 309).

Біздің бұл сөздерді мысал ретінде келтіріп отырған себебіміз адамзат баласына ортақ, әлемнің тілдік бейнесінің әлем халықтарында ортақ мәнде жұмсалатындығын, сонымен қатар сөздің мағыналық дамуында бір-біріне қарама-қарсы жатқан ұғымдардың аталу сипатындағы ұқсастықты айқындау болып табылады.

Сөну – жану сөздерінің мағыналық дамуы: сөну – жану сөздері тіліміздегі концептілікке негіз болған сөздер деп тануымызға болады. Себебі адамзаттың ортақ ұғымында *жану, өсу, өрбу, даму, алға жылжу, адымдау, жарқырау, аспанға өрлеу* секілді мағыналарымен бірге сөну, өшу, өлу, жоқ болу сынды ұғымдар “ жоқ” концептісіне негіз болған. Сол себепті де бұл сөздер қазақ ұғымында шектес ұғымдар қатарынан орын алады.

Жан етістік. 1. От алып жалындау, қызулана тұтану. 2. Жарық беру, жалындау. 3. Ауыспалы мағынасы Жайнау, құлпыру. 4. Ауыспалы мағынасы Өсіп-өну, жетілу, адам болу. 5. Ауыспалы мағына Қайғыдан күйіп-жану. 6. Үміті жанды.

Жалын. 1. Жанған оттың лапылы, ыстық қызуы. 2. Ауыспалы мағынасы Күш-жігер, қайрат.

Жалында. 1. Қызулы от шарпу. 2. Ауыспалы мағынасы От боп жану, құмарту. Көне түркі тіліндегі сөну, солу сөздерінің тұлғалық ұқсастығымен қоса мағыналық жақындығы бар сөздер деп тануымызға негіз бар. Бұл екі тілдік бірлік көне түркі тілінде бірінің орнын бірі алмастырып, синонимдік қызмет атқарған. Сөну, солу тұлғаларындағы ортақ мағына бір нәрсенің төменгі шекке жетіп, әрі қарай өмір сүру мүмкіндігінің жоқтығы. Ортақ сема арқылы жеке-жеке айырушы семалар өзге мағыналардың туындауына себеп болған. Мысалы, жанып жатқан оттың сөнуі мағынасы арқылы тынышталу, тоқтау, жоқ болу, әлсіреу, өлу, өшу сынды мағыналар тарап, ашудың тоқтауы деген коннотациялық мағына да қалыптасқан. Мұндай мағыналар көне түркі тілінің өзінде мағыналық дамуға ие болған сөздерге мысал бола алады. Көптеген мағыналарға ие болған сөздер қазіргі тіліміздегі сему, сүмірею, сүмпию, сығылу семаларының туындауына себеп болған деп те айта аламыз. Ал сөңке, солпию, солғын сөздері де өздерінше солу мағынасынан тараған төмен қарай салбырау, яғни бағыттың төмен қарай жылжуынан жаңа сема туындатып тұр: сөңке – аласа боп өсетін бұта, яғни жерге, төменге жақын өсетін ағаш, солғын – көктің солуы мағынасы мен мағынаның ең жоғарғы шыңы адам жүзінің солғын тартуы деген коннотациялық мәнге ие болған. Ал солпи сөзінде де бағыт төмен қарап жылжып, белгілі бір нысанның солуы, сөлпиюі, құрауы деген мағыналық реңкке ие болған.

Ал *жалтырау, жалындау, жану* мағыналары кейін пайда болған деп тұжырымдаймыз. Себебі тарихтан белгілі адамзат баласы отты көп кейін, табиғаттың өзгеруіне байланысты қажеттілік туғаннан соң пайдаланған. Осыған қарап жану жалындау тілдік бірліктері тіл дамуының жемісі деп қараймыз. Жану мағынасынан тарайтын өсу, өркендеу, даму, от боп жану, құмарту сынды мағыналары адамзаттың санасының өсуімен байланысты болғандықтан, яғни жаңа сипатта дамығандықтан

коннотациялық мағыналар қатарына жатқызамыз. Осындағы көне түркі тіліндегі *jana* – қайтадан, тағы да деген мағыналары да тілдік бірліктің даму нәтижесінде пайда болған. Жану, жалындау, жарқырау сөздерінде қимылдың үдеуі, лапылдауы байқалады.

Осы негізде қайтадан, тағы да мағыналарында қимылдық мәннің үстін-үстін, дүркін-дүркін қайталану сипаты басымдық танытып тұр. Тіліміздегі сөздердің барлығы да адам ұғымымен астасып жатқандықтан, ешбір сөз одан тыс қарастылымайды, бәрі оймен, ұғыммен, сезіммен, түйсікпен, түсінікпен тығыз байланысты.

Дыбыстық сәйкестіктер арқылы жасалған антоним сөздермен қатар, тілімізде протезалар негізінде пайда болған туынды антонимдер мен тарихи тұрғыда зерттеу нәтижесінде ғана табиғатын ашуға болатын флексиялық құбылыстардың да мағыналық тұрғыдан сөздердің дамуына үлкен әсері бар:

- Қарама қарсы мағынадағы сөздерді жасауға қатысатын протезалық дыбыстар: ұласу-құлазу, ұзу-созу, ар-жағы (б)ер жағы, іш -(т)ыс;
- Тілімізде бұрын болған флексиялық құбылысты көрсететін префикстер: кері-(іл)кері;
- Тұрақсыз дыбыстардың көне түбірлердің арасында өзгеруі нәтижесінде де жаңа сөздер жасалады: өшу- ө(р)шу.

Тіліміздегі протезалық құбылыс туралы көптеген түркітанушы зерттеушілер өз еңбектерінде жазып кеткен (Бегалиева, 2010, б. 24).

Бұл ғалымдардың көзқарастары Б.Сағындықұлының еңбегінде жинақталып, жүйеленген (Сағындықұлы, 2003, б. 80). Ғалымның айтуынша, тілімізде қ мен к дыбыстарынан басталатын кейбір сөздер тарих барысында түсіп қалып, элизияға ұшыраған. Мысалы ретінде қадым адым, күлбіреу үлбіреу, қызу ысу, қарық арық сөздерін келтіреді. Сонымен қатар, ол бұрындары к мен қ дыбыстарынан басталатын сөздердің көп болғанын атап өтеді. Мұндай деректер тілімізде қ протезасының болғанын айқын дәлелдейді. Міне, тілімізде осындай қызықты фактілер көптеп кездеседі. Олай болса, құлазу-ұласу сөздерін генетикалық тұрғыдан туыстас деп санауға болады. Олардың мағыналары бір-бірінен ерекшеленгенімен, ұғымдық жағынан ортақтық бар. Мысалы, ұласу сөзінде ұзақтық пен алға жылжу мәні болса, құлазу сөзінде керісінше, артқа, төменге бағытталған қозғалыс басым. Ал «көз қарықтырады» деген тіркестегі қарықтырады сөзі жарық сөзімен тікелей байланысты, өйткені көз жарықтан, ауыспалы мағынада сұлулықтан қарығады.

Қорытынды

Міне, тілімізде осындай қызықты фактілер көптеп кездеседі. Антонимия – тілдің лексика-семантикалық жүйесінің маңызды өлшемдерінің бірі, маңызды лингвистикалық әмбебаптардың бірі. Антонимия табиғаты жағынан ұқсас заттар, құбылыстар, іс-әрекеттер мен сапалар арасындағы елеулі айырмашылықтарды бейнелейтін қарама-қарсылық арқылы ассоциацияға негізделген.

Антонимия әдеби сөздердің қолданыс нормаларында бекітілген сөздердің максималды қарама-қайшылығы болып табылатын тілдің барлық ана тілінде сөйлейтіндер үшін ең маңызды және сипаттама ретінде анықталады. Қазақ тіліндегі антонимияның өзегін мағыналары сапа (жақсы мен жаман) немесе бағыт белгілері ретінде қабылданатын сөздер құрайды.

Сөзжасам – сөздің жаңа лексикалық бірліктерін тудыратын тіл механизмі. Өйткені, қазақ тілінің антонимдік жүйесі екі қабаттан тұрады: лексикалық және сөзжасамдық. Оның үстіне, мамандардың пікірінше, антонимдердің таза лексикалық қабаты салыстырмалы түрде аз. Көпшілігі сөзжасамдық антонимдер. Қазақ антонимиясының басым бөлігі сөзжасам. Ол сөздің негізгі бөліктеріне: етістіктерге, сын есімдерге, зат есімдерге тікелей енеді.

Антонимдік сөзжасамдық мағына деп бір ұғымдар тізбегінде тұрып, қарама-қарсы мағына беретін сөзжасам типтерінің мағынасын айтамыз. Ал сөзжасамдық антонимдер арасында сөзжасамдық уәждемелік байланыс бар. Бұл процестерде мағыналық айырмашылық болса да, олар туыстас немесе шектес ұғымдардың бірлігінен құралады. Сонымен қатар, бұл сөздерге формалық өзгерістер тән.

Осылайша бір буынды сөздердің бірнеше буынды сөздердің уәждемелік жолдары мағыналық-семантикалық, фонетика-мағыналық/семантикалық жолдары қарастырылды. Сөзжасамның нысаны туынды сөздердің мағыналарын ашу үшін негізгі дереккөздер сөздіктер арқылы берілген.

Осылайша, тіл ғылымында тек мағына жағынан ғана емес, форма тұрғысынан да айырмашылығы бар антонимдер бірге, бір концептінің негізінде екі түрлі ұғым бойынша жасалған сөзжасамдық антонимдер де бар. Сөзжасамдық антонимиялар лексикалық антонимиялар құрамына кіріп, олардың аясын кеңейтеді. Сөзжасам процесі арқылы қалыптасқан антонимдер дайын компонент ретінде қолданылады. Олардың пайда болуында туыстас, мағыналық тұтастық сақтала отырып, бір-біріне қарама-қарсы, оппозициялық сөздер қарастырылады.

Әдебиеттер

- Şoybekova, Ğ. B. (2006). *Tuvındı sözderdiñ mağınalık yerekşeligi men üvejdiligi (semantikalık tesil)* [Filol. Ğıl. Kand. Diss.]. 10.02.02, Almatı, KazUU.
- Kazak tiliniñ tüsindirme sözdigi: 10 tomдық (1983). Ğılım, T. 7.
- Jumabekova, A. (2000). *Kazak tiliniñ antonimder sözdigi*. Sözdik-Slovar’.
- Salkınbay, A. B. (1999). *Tarihî sözjasam (semantikalık aspekt)*. Kazak Universiteti.
- Begaliyeva, L. B. (2010). *Sinonimdik katarlardıñ jasaluvı jane kognitivtik meni (zat atavları boyınşa)* [Filol. Ğıl. Kand. Diss.]. 10.02.02, Almatı, El-Farabi, KazUU.
- Sağındıkuılı, B. (2003). *Kazirgi Kazak tili (leksikologiya)*. Kazak Universiteti.

Extended Summary

Antonym is one of the important linguistic universals of the language, one of the important criteria of the lexical-semantic system of the language. Antonyms are based on the commonality of opposites indicating significant differences between homogeneous objects, phenomena, actions and properties.

Antonyms are given in the norms of literary word usage. It is defined as the maximum contrast of words that are most important for native speakers of the literary language and characteristic of their language.

The essence of word-formation processes lies in the creation of new names, new secondary units. In the second meaning, the term “word formation” refers to the section of science that studies the process of formation of lexical units. The essence of word-formation processes is the creation of new names.

Antonyms is a key linguistic universal, serving as one of the crucial criteria for the lexical-semantic system of a language. Antonyms arise from the shared nature of opposites, highlighting significant distinction between similar objects, phenomena, actions, and qualities.

Antonyms are found within the norms of standard language usage, defined as the most significant contrasts between words that are essential for native speakers of a language and characteristic of their speech.

Word-formation process involved the creation of new terms and secondary linguistic units. In this context, the term “word formation” also refers to the branch of linguistics that examines how lexical units are formed. The core of this process is the generation of new names.

Antonymous word formation refers to word-formation types that belong to the same conceptual group but express opposite meaning. In Kazakh word formation, there is a tendency to categorize words with opposite meaning into lexical antonyms and word-formation antonyms. When these are examined separately, their differences become apparent.

The core of antonymy in the Kazakh language, the qualitative feature of its meanings, is formed by words perceived in opposite meanings, for example (good, bad) or (enter, exit).

Word formation is a language mechanism that creates new lexical units of words.

The antonymic system of the Kazakh language consists of two layers: lexical and word formation. At the same time, according to expert journalists, the pure lexical layer of antonyms is relatively small. The majority are word formation antonyms. Kazakh antonymy is mainly word formation. It literally includes the main parts of speech: verbs, adjectives, nouns.

Word formation antonyms are antonyms that arise as a result of word formation using word formation means. Thus, in the Kazakh language, word formation plays a very important role in the main verbal layer of antonymy.

In the Kazakh language there are two forms of expression of word-formation antonymy, two forms of connection of antonymy and word-formation. Their difference is based on which of the word-formation units (a word or a whole word-formation unit) acts as a member of the antonymic pair. The first type of communication is carried out at the lexical level. The antonymic pair consists of two basic roots, but they form two root words that are opposite in meaning.

The vast majority of words used in the Kazakh language in opposite meanings are formed by combining verbs or combining adjectives.

In the Kazakh language, nouns and adverbs also play an important role in word formation and the creation of reflexive antonymy.

Another form of interaction between antonymy and word formation in the Kazakh language occurs at the level of a word-formation unit⁶ functioning as a word-formation cell. In the Kazakh language, word-formation antonyms are often found in entire word-formation chains. This is a word-formation unit that unites antonymous words that act as members of an antonymic pair. A complete word-formation nest is a set of words organized into word-formation links, characterized by a common context.

Word-formation antonymous words are a phenomenon that initially does not express antonymic relations and acquires antonymic meanings, since it has only antonymic meanings. Antonymous meanings are visible only in their semantic structure. This clearly demonstrates the important word-formation connections of antonymous nouns poor-rich, poverty-wealth lexical antonyms.

Thus, in the language system, antonymy, caused by the appearance of primary lexical units, indicates that they have a certain word-formation antonymic connection with the data. Thus, in the word-formation sense, traditional nouns with primary antonyms represent a type that includes the following components: primary nouns, derivatives from them, qualitative adjectives, adverbs, as well as verbs expressing qualitative changes. Therefore, the word-formation nest in the Kazakh language represents a specific microsystem that helps establish the relationship and interconnection between the semantic and word-formation levels of the language.

Words that serve as the foundation for one another may be distinguished by phonetic similarities, or words with identical meanings but different pronunciation may be formed.

Concepts, names, and words with different meanings and pronunciations appear. Although the objects of study are considered in two aspects, the problems of antonymy and word formation are interrelated. The fact that these two problems are interrelated is a question that is considered in linguistics.

Therefore, in linguistics, in addition to antonyms that differ not only in meaning but also in form, there are also word-formation antonyms, which are based not on one, but two concepts. Word-formation antonyms, being part of lexical antonyms, complement their composition. Antonyms formed through word formation are used as established components. In their creation, a certain kinship and semantic closeness is felt, words that are in opposition to each other are considered, while maintaining personal and semantic integrity (through correspondences).

Kazakh researchers point out that examining antonymy as a word-formation phenomenon, rather than a lexical one, continues to be a secondary issue in linguistics.

Antonymic word formation can be described as the creation of word-formation types that belong to the same conceptual group but have opposing meaning.

In works devoted to the syntagmatic features of antonyms, the similarity of one of several meanings, distinguished by a special feature of a thing, with the opposite feature of a certain thing leads to the unity of the meaning of antonyms.

In many works on antonyms, the following characteristics can be distinguished:

- a) exact contradiction // close contradiction;
- b) complete contradiction // partial contradiction;
- b) the number of antonymous meanings of two words;
- c) the morphological structure of antonyms (from the root or derivative word)
- d) the type of linguistic unit considered as an antonymous pair (grammatical or lexical antonymy) is an antonymy consisting of one word, or phraseological antonymy.

The general basis of such opposition is the consistency of human cognition, as well as the fact that a symbol or concept refers to a certain object or phenomenon. The nature of antonymous meanings created by means of the phonetic-semantic method of word formation turned out to be both interesting and complex.